

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 маусым N 685. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 P981384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

- | | |
|-----------------------|---|
| Нағманов | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі, төрағаның орынбасары |
| Досаев | - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы |
| Ерболат Асқарбекұлы | - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы |
| Құрманғалиев | - "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" жабық акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша) |
| Серік Шолпанқұлұлы | - "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" жабық акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша) |
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі |
| Әбілғазы Қалиақпарұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі |
| Щельконогов | - Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Жалпы |
| Игорь Рудольфович | - Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Жалпы |

бөлімі ақпараттандыру секторының
меңгерушісі (келісім бойынша)

Қашқынов - "Ұлттық ақпараттық технологиялар"
Әли-Мырза Рақышұлы жабық акционерлік қоғамының
президенті (келісім бойынша)

мына:

"Жақыпов - Қазақстан Республикасы
Мірболат Қабиұлы Президентінің Әкімшілігі Жалпы
бөлімінің меңгерушісі"

деген жолда "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Жалпы
бөлімінің меңгерушісі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президенті
Әкімшілігінің Кеңесі меңгерушісінің бірінші орынбасары (келісім бойынша)"
деген сөздермен ауыстырылсын;

комиссияның көрсетілген құрамынан Мырзахметов Абылай Исабекұлы,
Андрющенко Александр Иванович, Өмірбаев Әділхан Әбдірахманұлы, Гусак
Дмитрий Иосифович шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі